Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

26 қыркүйек сейсенбі
№76 (1983)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

4 БЕТТЕ

4 БЕТТЕ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ КЕРЕК

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде 8 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен жылу маусымына дайындық мәселелері қаралды. Жиында қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды арттыруға күш салу керектігі айтылды. Әңгіме жылу маусымына дайындық барысына ойысқанда қала басшысы қыстың қамсыздықты көтермейтінін баса айтып, жауапты сала жетекшілеріне әр істі ыждағаттылықпен атқару керектігін ескертті.

Мәжілісте алдымен Қызылжарма ауылдық округінің жаңадан сайланған әкімі Шәріп Әбдірахманов таныстырылды. Сондай-ақ осы уақытқа дейін округ әкімінің қызметін атқарған Медет Сейілге ауылды дамыту бағытындағы жемісті еңбегі үшін қаланың ең жоғары марапаты «Құрмет» грамотасы табысталды.

2 БЕТТЕ

ДЕНСАУЛЫҚ

Қазір екі бүйрегі бірдей істемей қалып, диализге байланған жандар аз емес. Өкініштісі сол, оның көмегіне жүгінбесе өмірлеріне қауіп төнеді. Бүйрек жетіспеушілігіне байланысты қандай ем қолданады?

ДИАЛИЗГЕ БАЙЛАНҒАН ТАҒДЫР

Қызылордада бұл іспен «Diaverum» компаниясы айналысады.

Компания алғаш 2011 жылы ашылған. Негізгі бағыты – бүйрек жеткіліксіздігімен ауыратын жандарға көмектесіп, өмір сүруге мүмкіндік беру.

Диализ бұл созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар, екі бүйрек істен шыққанда, 5-ші сатыдағы бүйрек ауруы анықталған адамдарды емдеу. Бүйрек жеткіліксіздігі кезінде ол қанды қажетінше сүзбейді. Бұл деген адамның ісінуіне, өкпе мен жүректің қысылуына әкеліп соғады. Сол үшін қандағы токсиндерді уақытында тазартып, бүйректің қызметін уақытша атқаратын диализ қызметіне жүгінеді. Наукасты гемодиализбен емдеуде әдетте үш-бес сағатқа созылады және аптасына үш рет жасалады.

Аталған компанияда емделу үшін науқастар қалай келетінін және қандай ауру түрінен пайда болатынын меңгерушісі Дінислам Шайхутдинов айтты.

– Гемодиализ орталығына сырттан науқас келмейді. Науқастар портал арқылы немесе ауруханаға ауыр жағдайда түсіп дәрігерлердің зерттеулерінен кейін ғана бізге келеді. Жалпы бүйрек жеткіліксіздігімен үлкен кісілер мен жастар да ауырады. Бірақ жастар арасында көп кездесе бермейді, аз десе болады. Үлкен кісілерде бұл ауру қан қысымының салдарынан уақыт өте пайда болады. Ал кейбір адамдар қант диабеттің болуына байланысты емделеді. Бірақ бұл ауру ұрпақтан ұрпаққа берілмейді, – деді Дінислам Шайхутдинов

Маманның айтуынша, диализ – гемодиализ және перитонеальді диализ болып екіге бөлінеді. Ол екеуі де бүйректің атқара алмаған қызметін, қалыпты түрде орындайды. Яғни қанның құрамындағы қалдықтар мен артық сұйықтықты тазартады.

Ашып айтатын болсақ, гемодиализ кезінде ағзадағы қан уақытша шығарылып арнайы мембраналық аппараттан өткізіледі. Яғни бүйректің атқара алмаған қандағы қалдық, зәр, тұз және де басқа заттар арнайы аппарат арқылы тазартылып, науқасқа қайта құйылады. Осылай қанның формалық элементтері мен жасушалар және нәруыздар қайта организмге құйылады.

3 БЕТТЕ

СҰХБАТ

ДІН ДӘСТҮРДІ ЖОҚҚА ШЫҒАРМАЙДЫ

Қазір қоғамда білім беру ұйымында хиджаб кию мәселесі жайында жаңсақ пікірлер өршіп тұр. Түрлі ағым жетегінде кетіп, ата-бабадан бізге мирас боп қалған салт-дәстүрімізді бағалауға қарсы шығып, дін мен дәстүрдің ара-жігін ажырата алмай, адасып жүрген бауырларымыз бар. Осы бағыттағы бірнеше сауалды біз дін саласының маманы Бақтияр Оспановқа жолдаған едік.

2 БЕТТЕ

Баспа, радио, интернет журналистика саласында 6 жылдан бері дәстүрге айналған «Үркер-2023» ұлттық байқауының жеңімпаздары анықталды. Байқаудың «Үздік өңірлік БАҚ» аталымы бойынша облыстың ата басылымы – «Сыр бойы» газеті үздік деп танылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Сыр медиа» ЖШС директорының орынбасары Айжан Абдуллаева мен «Сыр бойы» газетінің редакторы Қуат Шарабадинов айтты.

«Үздік өңірлік БАҚ» – «Сыр бойы»

Жыл сайын елорда төрінде өткізілетін медиа апталықта бұл жолы ақпараттық күш, тенденция, өзгерістер мен этика тақырыбы өзек болған. Оның ішінде этика бағытына басымдық беріліп, журналистиканың жаңа бағыты мен даму аясы сараланған.

– Үш күнге созылған медиа форумның алғашқы күні телеарна жұмысы, ондағы жарнама тақырыбы аясында өрбіді. Ал екінші күні өңірлік БАҚ мәселесіне арналды. Оның ішінде цифрлық дәуірдегі журналистер жұмысының ерекшелігі, жылдамдық, ақпарат көлемі, бәсекелестік туралы кеңінен талқыланды. Яғни өңірлердегі ақпарат тарату құралдарының жұмысын жаңа технологиялармен біріктіре отырып әрі қарай қалай дамытуға болатындығы, болашақта цифрлық өзгерістер, жаңа тенденция өңірлік БАҚ-қа қандай өзгеріс әкеледі және оған қалай дайын болу керектігі жөнінде сөз болды. Бұдан бөлек «Ең рейтингтік өңірлік жобалардың үлгі кейстері» тақырыбында өңірлік БАҚ болса да республикада үздік көрсеткішке жеткен Атырау, Тараз қаласының ақпарат құралдары өздерінің жобасымен таныстырды. Осылайша олар журналистикада шекара жоқтығын, креативті, батыл қадам жасай білу керектігін ұқтырды. Сонымен қатар этика мәселесі де форумның ең өзекті тақырыбы болды. Форумның үшінші күні баспасөз қызметкерлерінің жұмысын жаңа бағытқа көтеру тақырыбымен өрбіді. Сондай-ақ баспа, радио, интернет журналистика саласының үздіктеріне арналған «Үркер-2023» сыйлығы табысталды. Ұлттық байқау жеңімпаздарының қатарында облыстық ата басылым – «Сыр бойы» газеті ұжымының кәсіби бағасын алуы үлкен қуаныш сыйлады, – дейді «Сыр медиа» ЖШС директорының орынбасары.

– «Үркер-2023» ұлттық байқауының «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясын алу облыстың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында сәтімен келген сый болды. Бұл – редакция ұжымының, журналистердің еңбегінің жемісі. Әрине бұл сыйлық Сыр журналистикасына, оның қарашаңырағы саналатын «Сыр бойы» газетіне және шығармашылық тұлғаларға берілген баға деп білеміз. Осы орайда барлық қаламгерлерді, газет оқырмандарын жеңісімізбен құттықтаймын, – дейді «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабадинов.

Тарихы сонау 1929 жылдан бастау алатын «Сыр бойы» газеті – аймақ жұртын ғасырға жуық ақпараттандырып келе жатқан басылым. БАҚ саласындағы ең маңызды ұлттық байқауда жеңімпаз деп танылуы газет ұжымының еңбегінің еленгені деуге болады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӨТКЕН КҮННЕН СЫР ШЕРТІП...

Темір жол вокзалына қарама қарсы шағын ғимарат бар. Шағын болғанмен оған кірсеңіз өткен ғасырға оралғандай боласыз. Мұндағы құнды жәдігер келушілерге тарих бетінен сыр шертіп тұрғандай. Бағзы заманнан қалған келі-келсап, диірмендер алыстағы ауылымды еске салады. Сыны кетпеген ескі бұйымдар сан мың жылдық тарихтың таңбасындай көзге жылы көрінеді.

Бұл – облыстық тарихи-өлкетану музейінің Ақмешіт музейінің филиалы ғана. Ал бұл қасиетті орынның 100 жылдан аса тарихы барын біреу білсе, біреу біле бермейді. Бірнеше мәрте жөндеуден өткен музей филиалының іргетасы 1905 жылы қаланыпты. Әскери казарма ретінде салынған нысан 1917 жылы қайта қалпына келтірілген. Қос ғасырлық шежіресі бар алғаш ел астанасы болған Қызылордада бұл рухани орданың орны бір төбе. 2004 жылы Ақмешіт музейі ретінде ашылған мәдени орын сол уақыттан бері рухани шаңыраққа айналды. Бүгінде 2000-нан астам бай жәдігері бар музей қоры қазақ тарихындағы астаналар – Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана қалалары туралы айрықша маңызды мәліметпен бөліседі.

Экспозициялық залдан «Ақмешіт-Перовск» қалаларының тарихы, Қызылорда ҚазССР-нің астанасы, ХХ ғасыр басындағы зиялы қауым өкілдерінің тұрмысы мен олар тұтынған небір бағалы бұйымды кездестіруге болады. Ауқымды 4 залды құрайтын музейдің біріншісінде Ақмешіт бекінісінің макеті қойылған. Онда саз балшыққа майда сабан араластыра салынған бекініс анық кескінделіпті. Әрбір бөлшегіне дейін аса мұқияттылықпен қарасаңыз, қамал қабырғаларында ұзын тісті қорғаныштар, бұрыштарында зеңбіректер орналастырылған мұнараны байқауға болады. Бекіністің өзен жағасындағы мұнарасына темірмен құрсауланған мықты қақпа орнатылыпты. Оның ішіндегі үш құдық, екі мешіт-медресе және балшықтан салынған үйлер де көзге бірден түседі. Дереккөздерге сүйенсек, әлгі екі мешіттің бірі – қазіргі қала орталығындағы – «Айтбай» мешіті деседі. Сол кездегі құрылысшылар саяси ахуалды ерекше ескерсе керек, орданың айналасы ормен қоршалып, суға толтырылыпты. Тарихшылар мұнда 400-ге жуық қоқандық пен қазақтар тұрғандығын растайды. Қызығушылықпен қараған адамға кішкентай ғана макет ескі қала жайлы осыншама құнды деректі алға тартады.

4 БЕТТЕ

ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ КЕРЕК

Аппарат мәжілісінде қаланың 8 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары сараланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова баяндама жасады.

Бөлім басшысының сөзіне сенсек, бүгінде қала бюджетінің кірістер болжамы есепті кезеңде 45333,8 млн теңгені құрап, 113,6%-ға орындалған. Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 420743 млн теңгеге өсіп, негізгі капиталға салынған инвестиция 134 461 млн теңгеге артқан.

Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы 348029 шаршы метрді құрайды. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 36697, ол өткен жылмен салыстырғанда 19,2% өсті.

Индустрияландыру картасы аясында жалпы құны 68,4 млрд теңгеге 13 жоба жүзеге асырылып, 1253 жаңа жұмыс орны құрылған.

Шаһар басшысы қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды арттыруға күш салу керектігін айтты.

Басы 1-бетте

Жиында жылу маусымына дайындық барысы да қаралды. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде үйлестіруші қалалық штаб құрылып, дайындық жұмыстары жүргізілгенін жеткізді.

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы келтірген мәліметті негізге алсақ, қала бойынша барлығы 815 көпқабатты тұрғын үй болса, оның ішінде 781-і орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Бұдан бөлек 34 үй автономды блокты модульдік қазандықтар арқылы жылытылады. Бөлім басшысы жылу желілерінің дайындығын және отын қоры нақтыланғанын баяндады. Оның айтуынша, көмір тапшылығын болдырмау мақсатында қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде қатты отынның жеткізілуі бақылауға алынған.

Қыстың аты қыс, қанша жерден дайындық мықты дегеннің өзінде қамсыз жүруге болмайды. Мәжілісте осы мәселені назарға салған қала әкімі әріптестеріне жауапты кезеңге жауапкершілікпен қарау керектігін ескертті. Әсіресе білім, денсаулық, мәдениет және спорт салаларына жауапты басшыларды орындарынан тұрғызып, қысқа қаншалықты дайын екендіктерін жеке-жеке сұрады.

Жиын соңында қала әкімі сала басшыларына атқарылып жатқан жұмыстардың сапалы әрі мерзімінде аяқталуын қадағалауды тапсырды.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

ДІН ДӘСТҮРЛІ ЖОҚКА ШЫҒАРМАЙДЫ

– Қоғамда мектептерде хиджаб кию мәселесіне қатысты талқы тоқтар емес. Хиджаб киюді түрлі діни ағымның жетегінде жүрген қандастарымыздың әрекеті дегенге сенесіз бе? Осыған байланысты дінтанушы ретінде қандай пікір айтар едіңіз?

– Қоғамда мектептерде хиджаб кию мәселесіне қатысты талқы тоқтамай тұрғаны рас. Бір күні ол да тоқтар, тәуекел. Бірақ енді басты нәрсе бізде қоғамның тыныштығы, тұрақтылығы сосын зайырлы екендігін ұмытпауымыз керек. Алла балиғат жасына жеткен қыз бала әуретін жабу керек деген. Кезінде қазақтар қыздарына тақия, қыста бөрік кигізді. Кейбір кеңес дәуіріндегі киноны көрсек үшбұрыш орамал тақты. Орамал бізде мүлдем жоқ деген сөз емес. Бар ол. Шешелеріміз кезінде екіқабат орамал тағатын. Қазір де сондай. Біз зайырлы қоғаммен санасып отыруымыз керек. Мектептің өзінің заңы бар. Конституцияның 30-шы бабында. Бақа тек батпағын ойлайды дейді ғой. Айнала шалшығым аман болса екен, құрғап қалмаса екен деп. Құдықтың түбінен қараған бақаға аспан түймедей болып көрінеді дейді. Сондықтан менмен болуға болмайды. Зайырлы қағидаттарға нұқсан келуі мүмкін. Мемлекет діннен бөлек, бірақ мемлекет кейбір кері кетіп бара жатқан, артық кетіп бара жатқан жерлерге өзінің тетіктерімен әсер ете алады. Әртүрлі діни түсініктегі адам бар. Оның барлығы мектепке өзінің ұлттық киімін, өзінің діни киімін, атрибутын әкеле берсе не болады? Мысалы, бізге Австралиядан бір отбасы келіп, біз жалаңаш жүретін едік деп, мектепке жалаңаш найза ұстап барса не болады? Мектептің өзінің киім үлгісі бар ғой. Мектепте де ашық-шашық бол деп жатқан жоқ. Мектепте де тізеден түсетін жеңі ұзын ақ кофта киеді. Ата-бабамыз да айтып кеткен ғой қыз бала балиғат жасына жеткенде олардың жетілген жерлері көріне бастайды. Өйткені 8-9 оқитын балалардың түрлі нәрсеге ойы кете бастайды. Міне, мектептегі қыз бала осының барлығына шамалы тосқауыл болатындай киім кигені дұрыс. Мектеп формасының болғаны дұрыс. Мысалға діни емес әртүрлі мекемелер бар. Құрылыста каскамен жүресіз. Өрт сөндіру мекемесінде жұмыс істейтін қыздар бар, оларға ұзын етек ки деп айта алмайсың. Олар міндетті түрде шалбар киеді. Әскери қызметте істейтін қыздар бар. Десантшы қыздар болуы мүмкін. Олар орамалмен шұбатылып жүре алмайды. Тапсырма орындаған кезде олар әртүрлі маскалар, каскалар, бронжилет киеді. Енді оны мына парызды орындамадың деп кінәлай алмаймыз ғой. Тракторшы апалар болды. Мысалы, Ұлбала Алтайбаева, Жадыра Таспамбетова секілді. Заманның талабына сай ол кісілер өзінің үйінде әйелдік жұмысын атқарды. Қайнағасының алдында сәлемін салып жүрді. Бірақ трактордың ішіне келгенде өзінің жұмыс киімін киді. Қара кию деген нәрсе кір көтеретін болған соң көбінде бәдәуилер, порошок жоқ кезде киді. Пайғамбар әр жұмаға ақ киіммен барған. Бірақ пайғамбар да кейде қара сәлде ораған. Жасыл түсті де жақсы көрген. Бұл жерде шешелеріміз баяғыда адамның назарын аударатын көйлек кимеймін деп қара түсті киген болар. Мүмкін сондай түсініктен болар. Техника қауіпсіздігінде де қазір қара киім киген адам көліктің алдынан өткенде 10 метрде ғана көрінеді. Сол үшін арнайы киімді түнде көрініп тұратын матамен өрнектейді. Оқушылардың сөмкесіне де түнде айқындап тұратын белдеу тігеді. Ал ақ, сары киімдер 50-60 метрден көрінетіні дәлелденген. 10 оқитын жас балалар поптың киімімен, жас қыздар монашканың киімімен, қазақ қыздар мектепке паранжамен кіріп тұрса не дейміз? Мектепте кім кімге сабақ беріп жатқанын білмейміз ғой. Сондықтан балаларға да айтарым, ең басты парызың – білім алу.

– Басына қара орамал жабуды біздің салт-санамыздан байқамадық. Әйел затына қара кию қайғы-қасіретті адамның кейпін бейнелейтінін білеміз. Дін өкілдері ақ киім киіп жүргенін байқаймыз. Діни кітаптарда Пайғамбарымыздың жасыл түсті ұнатқаны айтылады. Сонда қара жамылу қаншалықты дұрыс?

– Бетін тұмшаланып, никаб, паранжа киіп жүрген ол да бір арабтың жазирасында неше түрлі халықтар, ұлттар өмір сүргендегі дағды болуы керек. Солардың кейбірінің ұлттық киімі де болуы мүмкін. Ол діннің киімі емес. «Белый солнце в пустыне» деген Суховтың киносындағы Абдулланың әйелдерінің бәрі паранжа киіп жүрді. Сол кеңес дәуірінің өзінде түрлі жағдайлар болды. Орамалын тастап коммунистік идеологияны үндеді, «әйелдерге теңдік алып береміз» деді. Соның бәрі түбінде қоғамның іріп-шіруіне, отбасылардың ажырасуына әкеліп тірелді. Құдай төмендеткен нәрсені сен көтере алмайсың ғой. Сондықтан бір саты төмен деді ме, бір саты төмен тұру керек. Сол сияқты мына Құдайдың бізге берген діннің үкіміне де қарсы шығып кетуге болмайды. Зайырлы қоғам конституция дегенмен түбегейлі діннен де шығып кетпеу керек. Өйткені біз иісі қазақ 1200 жылдан бері мұсылманбыз. Кеңес үкіметі кешегі 90-шы жылдарға дейінгі мен оқыған мектептің өзінде бір апайларымыз оның біреуі Алла Михайловна, Гончарева деген апайымыз ол орамалды басына шарф қып тағатын. Біреуі көбінде жалаң бас жүріп, арасында тағатын. Бұлардың діні басқа, ұлты басқа, біреуі неміс, біреуі орыс болса да сондай апайларымыз болды. Көбінде менің Мираш апайым, Фатима апайым, Айтұрсын апайым кәдімгі орамалды басына әжелер сияқты тағып, маңдайын жауып мектепке келетін. Сол кісілердің кейбірі 90 жастан асып қайтты. Мен көрген мұғалімдердің көбі орамалмен болды. Орамалды қалай алып таста дейміз баршасына. Өйткені шешеміздің өзі орамал тағады. Менің келіншегім де орамалмен жүреді. Олардың орамалына нұқсан да келмеу керек. Сосын дәстүрлі жолда жүрген қарындастарымыз бар. Кәдімгі ешқандай фанатизм емес, ешқандай бір ағымның жетегінде де емес, болмаса бір арабтың не түріктің сойылын соғып жүрген жоқ, болмаса иранның не парсының күйін күйттеген жоқ. Кәдімгі осы қарапайым қазақтың үйінде өскен, ата-анасы бес уақыт намаз оқитын сондай үйдің де келіндері, қыздары орамал тағып жүреді. Мұның барлығын әкеп, пайыздың ішіне тыға беруге болмайды. Міне, сондықтан арбаны сындырмай, өгізді өлтірмейтін уақытта тұрмыз біз. Өйткені кешегі құдаймен күрескен 70-80 жылғы кеңестік идеология, одан кейін құдайды тауып қомағайланып құдай сеніміне, дінге қақалып тұншығып жатқан отыз жылымыз бар. Өйткені бала да аузына бәрін салып, аузы ойылып, тамағы ангина болып, жүрегі айныса да қантты аузына тыға береді ғой. Тамағы көтеріліп, іші өтіп ауырып қалатыны сияқты қоғамда да бей-берекет кейде демократияның арқасында түрлі идеологияның, әртүрлі діннің келгенінде әртүрлі қақтығыстар мен идеологиялық апаттың болып тұратынын жоққа шығара алмаймыз. Енді көш жүре түзеледі.

– Орта білімге діни атрибутиканы араластырудың соңы қоғамдағы шиеленістердің ушығуына әкелуі мүмкін бе?

– Біз енді зайырлық ұстанымды ұстандық. Сондықтан зайырлы болуымыз керек. Зайырлылықты дінге қарсы қоғам деген түсініктен де аулақ болуымыз керек. Зайырлылық бұл бір дінді жою, болмаса бір діннен бір дінге үстемдік беру деген сөз емес. Зайырлы деген бұл діншілдің де, діндардың да, мұсылманның да, мұсылман еместің де құқығы сақталады. Мысалы, жедел жәрдем, құқық қорғау органы, өрт сөндірушілер кім шақырса да барады. «Сенің дінің қандай, ұлтың қандай, сен орамал таққансың ба?» деп сұрамай барады. Зайырлы қоғамның артықшылығы осында. Сосын ешкімді мансұқтамайды. Болмаса мына діннен мына дін жақсы деп те айтылмайды. Басқа дінге шәк келтірмейміз. Міне, сондықтан қоғамда таластар бола береді. Орамал таққанның бәрі ағымда деп түсіну қате. Бетін жауып жүргендердің барлығы аса діндар екен деген түсінік те болмау керек. Мынаның сақалы көп діндар екен деген ойдан да азат болуымыз керек. Сақалы жоқ та тақуа адамдар бар. Міне, зайырлы қағидат деген осындай нәрсе.

– Қазір хиджаб кию шу болып жатыр. Екіүш жылдан кейін жұма намазға бару шу болады. Сабақты алып тастап, жұма намазға жіберіңдер дейді. Тағы уақыт өткен соң мектепте намазхана ашу керек деген ұсыныс пайда болады дейді қоғам белсенділері. Бұған не дейсіз?

– Балалардың ең бірінші парызы – білім алу. Сондықтан сабақты тастап, жұмаға қашуға болмайды. 2007-2008 жылдары намаз оқимыз деп колледждің, университеттің студент балалары келді. Кейіннен жұма дегенге қуанып, біз жіберіп жүрген кезде аяқ жағында балаларымыз ұстатпай келесі пар, екінші пар ойын ойнап отырған жерінен түнгі компьютер клубынан зорға алып шыққан кездеріміз болды. Оған бола бүкіл намаз оқитын адамдарға кінә тағуға болмайды. Жалпы балалар білім алатын жерде білім алу керек. Балаңыз АЗВИ-де оқыса шошқаны, малды, итті сойып көреді. Тәжірибе жасайды. «Мынау харам екен» деп кетіп қалмайды. Қатты зәру жағдайлар болмаса қоғаммен санасу керек. Түрлі сылтаумен діннің атына кір келтіріп қоймау керек. Көбінде кейбір адамдар алаяқтық істеп, біреуді алдап немесе қоғамнан оңай олжа табам деп діннің атын жамылып жүр. Сондықтан дінді күстаналап алмауымыз керек. Ислам діні – біздің ата-бабамыздан келе жатқан асыл дініміз. Тірісін де, өлісін де құрметтеген халықпыз. Ауылында мешіт ұстағандар болған. Медресесі бар халықтың ұрпағымыз. Ахун, ишандардың ұрпағымыз. Сондықтан дінге залал келтірмеуіміз керек. Бірақ біреудің наным-сеніміне нұқсан келтіруге болмайды. Зайырлы қағидаттарды барынша бейбіт, мәдениетті жеткізіп, оның кілтті жерлерін тауып, қоғамды дамытуға атсалысуымыз керек. «Аққу, шортан, һәм шаян» деген мысалдағыдай әр жерге тарта беруге болмайды.

– Домбыра тарту, тұмар тағу ширк деп жатады. Сол қаншалықты дұрыс? Сонда дін дәстүрден жоғары ма?

– «Алтын ортаны ұстаңдар» деп Пайғамбарымыздың өзі айтқан. Пайғамбарымыздың үйінде дыңғырлатып аспаптар тартып отырғандардың оқиғасы бар. Сонда Хазіреті Омар «мынау дыңғырлағандар Пайғамбардың үйіне де келіп жеткен бе?» деп ашуланып, қатулы қарады» делінген. Сонда Пайғамбарымыз «Ей, Омар, тимей-ақ қой» деп жұмсақ қараған екен деген оқиға бізге жетеді. Сонау дін келмей тұрғанда жорықта жыраулар бұл аспапты көп пайдаланған. Дауылпаз да әскерлерде белгі беру мақсатында пайдаланылған. Домбыра кейде адамның батылы, сөзі жетпей тұрған жерді жеткізетін, әуенмен түсіндіретін құрал болған. Дін келгенге дейін тіпті Иса пайғамбар дүниеге келгенге дейін осындай құралдарды пайдаланған. Кешегі жаугершілік заманда дінге қарсылық білдіріп, сәлденді шешіп алып жатқанда ақын-жыраулар сырт көзге өлең айтқандай болып, балалар ұмытып қалмасын деп батырлардың хиссасын жеткізген. Бүкіл шариғаттың шартын айтып отырып, тарихты түсіндірген. Кешегі пайғамбардың екі немересі Хасан мен Хусейннің қиналып өлгенін, діни әпсаналардың бәрін осылай домбырамен жеткізіп отырған. Тәрбиелік мәні бар үлкен педагогикалық және дидактикалық жыр-дастандардың көзі болып тұрған. Сондықтан домбыраны бір жақты «харам» деп тастау ұят болады. Өйткені пайғамбарымыз халықтың ата дәстүрі мен тарихымен санасуды дінде бұйырған. Бүкіл дәстүрді «жаман» деп шығарып тастауға болмайды. Тұмар тағу баяғыда балалар дем салып берген молданың аят, сүрелерін ұмытып қалмасын деп мойнына тағу үшін орап берген ғой. Сол қалташадан «Ықылас», «фәлақ», «нас» сүресін оқып жүретін болған. Кейде «ясинді» оқып береді. Назар түскен, көз тиген, жын тиген, жаман жерді басқан балаларға соны оқып беретін болған. Жаттап алғаннан кейін оның не керегі бар, оны тастайтын болған. Кейде Құранды да орап қояды ғой. Бала ол дұғаны жаттай алмаса оны темір құтыға салып қоятын болған. Соны әбден жаттап алғанша мойнына тағып жүрген. Осы тұмар құтқарады екен, осыны тақсам болды енді маған оқ тимейді екен деген жалаң фанаттық ойлардан да азат болу керек. Қызыл шүберек байлау туралы мен зерттедім. Тіпті қызыл одеалды чердағына іліп қойғанды да көрдім. Автотұрақта тұрған машиналарды да көрдік қызыл шүберек байлаған. Бірақ олар көлік апатынан құтқарған жоқ. Бұл атам замандағы үйлерінен «шешек», «қызылша» ауруы шыққан үйлерден кісі шығуға да, кіруге де болмайды дегенді білдірген. Ол кәдімгі дерт шыққан үйге жоламауға белгі берген. «Мына үйде қызыл шүберек тұр, адам әлі жазылмаған екен ғой» деп ол үйден ешкім тұз да, су да сұрамайды. Ол үйден тіпті кісіні де шығармайды. Тамағын сырттан әкеп үйдің жанына қойып кеткен. Осындай нәрселерді жаппай «ширк» қып жіберу дұрыс емес. Бірінші сол нәрсенің тарихын, шығу мәнісін тексеріп алған дұрыс. Дін өмірге келген кезден бастап адам Пайғамбар дін әмірін орындаған. Одан кейін Хауа ананы қабырғасынан жаратып, жердің бетіне түскеннен кейін де Алланың әмірімен, дінімен жүрген. Бүкіл дүниедегі 8 миллиард адамның бәрі түбі бір дінге барып тіреледі. Кісінің тұрмыс салтына қарай, әдет-ғұрпына қарай, кәсіп-нәсібіне қарай дәстүрлер болып отырған. Біреу мысалға зекетке картоп, біреу бидай береді. Біреу малынан береді. Оны «кәусен», «тасыну», «соғым», «қолүзік», «омыртқалық» дейді. Соның барлығы садақаның түрі. Аңшы да «қанжығам майланды» деп елге тарататын болған. Сондай дәстүрлер бар. Бірақ түбінде дін не дәстүр жоғары деп надандыққа салынбай зерделеп, зерттеп, ақылмен салқынқанды қарап жақсы жағымызға пайдаланғанымыз дұрыс.

Басы 1-бетте

Әңгімелескен **Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

САТИРА САҢЛАҒЫНА ҚҰРМЕТ

Сақтапберген Әлжіковтің туғанына 100 жыл толуына орай №144 орта мектепте тағылымды шара өтті.

Салтанатты жиынға облыстық, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы қызметкерлері, қалалық білім бөлімі өкілдері және ауыл әкімі, мекеме басшылары, ардагер ұстаздар мен мектеп түлектері, жазушының ұрпақтары қатысты.

Жиын «Сақтапберген – сатираның сардары» тақырыбындағы ғылыми тәжірибелік конференциядан бастау алды. Осы мерейлі сәтте білім ордасының №309 математика кабинетіне мектептің ардагер ұстазы Ә.Қаракөзұлының есімі берілді.

Мұнан соң Сақтапберген Әлжіков ескерткішінің алдында «Атаға тағзым» деген ұранмен «Жасұлан» ұйымының жиыны болды. Шәкірттер өздері оқитын білім ордасына есімі берілген қаламгердің туындылары мен оған арналған өлеңін оқып, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Кеш қонақтары оқушылар ұйымының 55/47 әскери бөліммен бірлескен шеруін тамашалап, Сақтапберген Әлжіков атындағы мектеп музейімен танысты. Онда сатирик тұтынған заттар, есімі тек облыс емес, республикаға белгілі мектеп бітірушілердің, газет пен өзі басқарған журналдарда қызметтес болған әріптестерінің суреттері, отбасы және өмір жолы жайлы мәліметтер, әр кездердегі портреттері, замандастары мен шәкірттерінің естеліктері бар. Мектеп кітапханасында Сақтапберген Әлжіков жайлы кітап көрмесі қойылған. Одан жазушы жайлы мол дерек алуға болады.

Келесі кезекте мектептің мәжіліс залында «Сақтапберген Әлжіковтің туғанына 100 жыл» тақырыбындағы әдеби кеш өтті. Онда қаламгердің ұрпақтары, көзін көрген кісілер естеліктермен бөлісті. Белгілі қаламгер өмірінің елеулі кездерінен сахналық қойылым қойылды.

Шара аясында Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектеп және педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қаласындағы филиалы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен бірлесіп Сақтапберген Әлжіковтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Сақтапберген – сатираның саңлағы» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастырған болатын. Сол шара аясында бірқатар ұстазға алғыс хаттар табысталды.

Ертеректе белгілі қаламгер Гюго «Ұлы адамдар өз ескерткіштерінің тұғырын өзі орнатады, мүсінін болашақ соғады» деген екен. Елге елеулі еңбегі сіңген ерлердің есімі ұмытылмайтыны шындық. 1998 жылы өзі туған Қызылжарма ауылының №144 орта мектебіне Сақтапберген Әлжіков есімі берілсе, 1999 жылы мектептің алдына ескерткіш бюсті қойылды. Мектеп төрінен орын алған Сақтапберген Әлжіковтің ескерткіші мен мұражайы оның өмірі мен шығармашылығын келер ұрпаққа өнеге етіп жаңғыртып тұратын болады.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№76 26 қыркүйек, 2023 жыл

ДИАЛИЗГЕ БАЙЛАНҒАН ТАҒДЫР

Перитонеальды диализ – науқастың жеке тіндерін іш қуысында сүзгі ретінде қолданылатын әдіс. Яғни науқасқа арнайы пластикалық катетер арқылы хирургиялық жолмен ішкі қабырғасы арқылы ішкі қуысына қойылады. Содан кейін арнайы сұйықтық іш қуысына ішектің айналасында жуылады. Ішек қабырғалары бұл сұйықтық пен қан ағысы арасындағы сүзгі қызметін атқарады. Әртүрлі ерітінділерді қолдану арқылы қалдықтар мен артық суды денеден шығарады.

Көбіне бұл жоғары қан қысымы мен қант диабеті және қызыл жегі сияқты жарақаттар болғанда бүйректі зақымдайтын көрінеді. Бұл жөнінде гемодиализ орталығының меңгерушісі Дінислам Шайхутдинов айтып берді.

– Негізі бүйрек ауруының бес сатысы бар. Мәселен, науқастан аурудың 5-ші сатысын анықтайтын болса, онда бұл соңғы сатыдағы бүйрек ауруы немесе бүйрек жеткіліксіздігі деп саналады. Бұл кезде бүйрек қалыпты қызметінің шамамен 10-15% қызметін атқарады. Сондықтан адамның әрі қарай өмір сүруі үшін бүйрек трансплантациясын жасауды қажет етеді. Ол үшін адам өзіне сәйкес донор іздейді. Әрине, донор болуға бауырлары ғана болады. Алайда науқастар бауырларының донор болып, бір бүйрегін беруіне қарсылық білдіреді. Себебі бауырының бір бүйрекпен жүргенін қаламайды. Ал егерде сырттан іздейтін болса, онда сәйкес қан тобын табу оңайға соқпайды. Тапқан күнде де марқұм болған адамдардың да донор болуына ет жақындары тарапынан рұқсатын беруі екі талай. Сол үшін науқастар трансплантацияға лайықты донор табылғанша диализден өтуге мәжбүр. Диализден бас тартудың бірден бір жолы ол бүйрек трансплатациясын жасату болып табылады. Ал егер лайықты донор табылмаған жағдайда адамның диализден басқа таңдауы жоқ, – дейді гемодиализ орталығының меңгерушісі.

Сондай-ақ адамның бір бүйрегі ғана істен шыққан болса онда екінші бүйрек өз қызметін атқарады. Тіпті бір бүйректің қызметінде адамға диализдің қажеті болмайды. Маманның сөзінше диализ тек екі бүйректегі қызметтің дұрыс болмауында ғана жасалады.

Айта кетейік, диализбен емдеу ұзақтығы адамның дене өлшеміне, денедегі қалдықтардың мөлшеріне және денсаулықтың ағымдағы жағдайына байланысты.

– Негізінде науқас давление, қант диабеті бойынша емханада есепте тұрады. Сол үшін науқас өзіне берілген скринингтен уақытылы өтетін болса, бүйрек жеткіліксіздігінің 5-ші сатысына дейін жетудің алдын алады. Алайда науқастар үй жағдайында өздерін емдеу арқылы ауруын асқындырып алады, –дейді маман.

Одан бөлек уақытылы ем алып, диета ұстап, жеген тағамына мән беріп, денсаулығын қадағалап аурудың алдын алатын болса, диализге тәуелді болмайды екен.

– Мен 2016 жылдан бастап диализді жасатуды бастадым. Оған дейін диализдің не екенін білмейтінмін. Кейін өте нашар хәлде болып, қатты ауырып жүдедім. Өзім 85 келі болатынмын, бір айда 35 келі тастадым. Қазір шүкір күнім диализге қараса да осы өмірімізді жалғастыруда. Негізі мен диализ орталығына түспейін деп қанша жерге бардым ем іздеп. Алайда дәрігерлер емі жоқ екенін тек қана гемодеализ арқылы немесе трансплатация арқылы ғана жасалатынын айтты. Бүгінде міне 7 жыл болды. Шыны керек осы аппаратты ойлап тапқан адамға ризамын. Себебі осы аппараттың арқасында өмір сүріп жүрмін. Сондай-ақ осы гемодиализ орталығының қызметкерлеріне алғысым шексіз. Жанымнан табыла білген дәрігерлер барынша жылы шырай танытып, жақсы қарап, қызмет жасауда, – дейді қала тұрғыны Бейнегүл Сейітова.

Мамандардың айтуынша, егер науқасқа донор табылған жағдайда, донордың тек бір бүйрегі беріледі. Осылайша бір бүйректің қызметінің арқасында диализ жасату тоқтатылады.

Сонымен қатар диализ жасату арқылы адам 10-20 жыл өмір сүре алады. Болжам жасыңызға, жалпы денсаулық жағдайыңызға, бүйрек жеткіліксіздігінің себебіне және басқа факторларға байланысты өзгереді. Бүйрек трансплантациясын жасасаңыз, жаңа бүйрек жұмыс істей бастағанда диализді тоқтатуға болады.

АДАМҒА ЖЫЛЫ СӨЗ ДЕ ШИПА

Бала күнінде ауырған қаршадай қыз ауруханаға түсіп, айналасынан ақ халатты абзал жандардың мейіріммен емдегенін көреді. Осылайша «Мен міндетті түрде ақ халат киіп, адамдарға жақсылық жасап, барлығын емдейтін боламын» деп алдына мақсат қойған кейіпкеріміз Зейпін Уызбаева мектепті үздік бітіріп, арман-мақсатына жетеді. Яғни Ыбырай Алтынсарин атындағы №10 мектепті бітірген соң, 1985-1988 жылдары аралығында Қызылорда медициналық училищесінде жалпы мейірбике саласын оқып, тәмамдаған.

Алғаш еңбек жолын 1988 жылы Ленинск қаласында қазіргі Байқоңырда госпитальда травматология бөлімінде бастаған. Ондағы жұмыс қиын болса да күні-түні науқастардың жағдайын жасап, денсаулығын қадағалаған.

Бір жылдан соң отбасын құруына байланысты Қараөзек ауылындағы ФАП-қа фельдшер қызметін атқарған мейірбике қалалық ауруханаға қалай ауысқанын айтып берді.

– Тоқырау кезеңі болатын. Ол кезде ауылда акушер, мейірбике және медбике болып үш адам жұмыс істейтінбіз. Ауылдағы адамдар мен балаларға екпе салып, әр адамның денсаулығын қадағалап, қызмет атқаратынмын. Тіпті келіншектерді үйіне барып босандыратынбыз. Себебі қазіргідей көлік болмайтын. Кейін Қаракөл совхозына қоныс аударып, сондағы жаңадан салынған ауруханада 5 жыл еңбек еттім. Алайда 2010 жылы аурухананың жабылуына байланысты қызметкерлерді екіге бөлді. Яғни ауылдағы емхана бөліміндегі қызметкерлер 2-ші емханаға ауысса, қалғанын қалалық ауруханаға ауыстырды. Міне, осылайша Қызылорда қалалық ауруханасына ауысып, қазіргі таңда физиотерапия бөлімінің мейірбикесі болып қызмет атқарамын, – деді мейірбике Зейпін Молдашқызы.

Карантин кезінде отбасы мен өзінің денсаулығына қарамастан ауруханадағы науқастардың жанынан табылып, емделіп жазылуына септігін тигізген. Тіпті оқшауланып бірнеше ай үйіне де бармаған сәттері болған. Осындай өмір мен өлім арасында жүріп адам жанының арашасы болған.

– Мейірбике болу бұл жоғары кәсіби шеберлікті талап етеді. Себебі мейірбикелерге де үлкен міндеттер жүктелген. Мәселен, бақылаушылық, науқастың бойындағы физикалық, психологиялық өзгерістерді көретін, байқағыштық қасиеттерге ие болу керек. Сондай-ақ мейірбике болатын адам мейірімді, сабырлы, ұстамдылық пен қатар өзінің сезімталдығын басқара білетін және эмоциялық тұрақтылықта тәрбиеленген жандар болуы қажет. Өйткені ауруханада түрлі жағдай болады. Сондықтан бойында қорқыныш сезімі болмаған жөн. Одан бөлек алдыңа келген науқасқа жақсы қарап, жылы сөйлесу керек. Себебі жылы сөз – адам жанының шипасы. Сол үшін әрбір адамға жақсы қарап, жылы сөйлеу арқылы күш-қуат беріп, емдеуге болады, – дейді Зейпін Уызбаева.

Сондай-ақ адамдарға жәрдем беріп, әрбір науқасқа жақынындай қарап, тезірек сауыққанша қолынан келгенін аянбайтынын жеткізді.

Адам жаны мен тәнін емдеуді, игі іс жасағанды жаны сүйетін ақ халатты абзал жан бүгінде өзі армандағандай маман иесі атанғаны көрініп-ақ тұр. Себебі ауруханадағы науқастармен ашық-жарқын сөйлесіп, жанашырлық танытып жүргенін сырттай бақыладық.

Сондай-ақ науқастардан сұрастыру барысында өте қарапайым жан екенін, қызметіне адал, әрдайым күліп жүретін, ауырып тұрғаныңды ұмыттырып қана қоймай, қолдау білдіретінін білдік. Тіпті мінезі қандай жұмсақ болса, қолы да өте жеңіл укол, системаны білдіртпей салатынын айтуда. Жалпы айтқанда науқастар мейірбикені мақтап, кез келген уақытта жұмысынан бөлек үйге де шақыртып емделетінін де жеткізді.

Кейіпкеріміз отбасында аяулы жар, қамқор ана және мейірімді әже. Өмірге арыстандай 5 ұл әкеліп, балаларын оқытып, келін түсіріп, 5 немере сүйіп отыр. Осындай үлкен отбасының отанасы болып үлгі көрсетсе, қызметте абырой биігінен көрініп еңбек етуде.

Мейірбике ісі – тарихы тереңнен тамыр тартатын мамандықтың бірі. Қайырымды мейірбикелер халықтың арасынан шығып, өздерінің қалауынша науқастарға күтім жасауды ұйғарған. Мейірбикенің наукастарды демеу жолындағы еңбектері орасан зор. Мейірімділік пен жылулықтың символына айналған маманның бірі – №1-ші қалалық емхананың аға аяжаны Қуаныш Омарова.

МАҚТАУЛЫ МАМАН

Ол 1976 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1983 жылы Қызылорда қаласындағы №43 Ж.Махамбетов атындағы орта мектепке барған.1993 жылы Қызылорда медициналық училищедегі мейірбике ісі мамандығына оқуға түскен. Оқуды бітіргеннен кейін алғашқы еңбек жолын №1 қалалық емханада аймақтық мейірбике жұмысынан бастаған. Кейін 2016 жылдан бастап №2 жалпы тәжірибелік дәрігерлік бөлімінің аға мейіргері қызметіне ауысқан.

Жанына ыстық көрінетін алғашқы еңбек жолының бастауы болған № 1 емханада жұмыс істегеніне бүгінде 25 жыл. Осы жылдар ішінде тұрғындардың арасында сыйлы болып қана қоймай алғысын да алып келеді.

– Бұл өмірде басты құндылықдың бірі – сіз бен біз, яғни сыйластық. Адамдармен жақсы қарым-қатынас жасау бұл келесі адамның оміріне, күнделікті тіршілігіне күннің нұры тәрізді өз жарығын, шуағын тигізеді, тіпті қиындықтарының түйінін шешуге мұрындық болады. Міне, осындай жанашыр, мейірімді жан – Омарова Қуаныш. Ауырған адамның жаны шүберекте дегендей, Қуаныш Қалмаханқызы әр ем алушының алдынан шығып, жағдай сұрап, тиісті кабинеттерге апарып, дәрігерлердің берген емін түсіндіріп кеңесін береді.

Сондай-ақ ол жумысына адал, мейірімді, ауырып барған адамдардың тән жарасын, жан жарасын басуға, қолынан келген көмегін көрсетуге дайын тұрады, – дейді қала тұрғыны С.З.Абдрахимова.

Қуаныш Омарованың атқарған еңбегіне сай алған марапаты да аз емес. Ол 2018 жылы министрліктің «Құрмет грамотасын» алды, 2022 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Алғыс хатымен», 2023 жылы облыс әкімінің орынбасарының «Алғыс хатымен» марапатталған.

Мейірімді Мәуегүл

Медицина – үлкен жауапкершілікті талап ететін, жүгі ауыр саланың бірі. Сондай-ақ жоғары білім мен біліктілікті арттыру үшін өмір бойы ізденісте жүру керек. Бұл мамандықты жоғары деңгейде меңгеру оңай емес. Десе де көптің арасынан өзінің арман-мақсатына жетіп, жауапкершілігінің ауырлығына қарамастан, Гиппократ антына адалдық танытып, ақ желеңді абзал жан атанып, халықтың құрметіне ие болып, алғысын алып жүргендер бар. Сондай жанның бірі №1 емханада әйелдің, ана мен баланың өмірі мен оның денсаулығына жауапты маман аумақтық акушер-гинеколог Мәуекүл Айымбетова.

Бала күнінде акушер-гинекологтың қандай маман екенін білмесе де, ауылдағы жалғыз фельдшерге қызыға қарап, дәрігер болуды армандаған кейіпкеріміз өзінің қызықты хикаясын айтып берді.

– Бала күнімде біз совхоз орталығында 7 отбасы болып бір үйде тұрдық. Сол кезде жеті отбасының қыздары аулаға шығып, қуыршақтармен ойнайтынбыз. Алайда мен қыздардың арасынан бөлініп шығып қуыршақтарды емдейтінмін. Ол кезде бала болған соң дәрігердің түрлі қызметке бөлінетінін білмейтінмін, сондықтан бір ғана дәрігер болады деп ойлайтынмын. Себебі совхозда тек бір ғана фельдшер болатын, соған қарап қызығатынмын, – деді Мәуекүл Айымбетова.

Кейіпкеріміз 1963 жылдың 5 қаңтарында Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылында дүниеге келген. 1970 жылы ауылдағы №185 қазақ орта мектебіне барған. Мектепті бітірген соң 1980 жылы медицина институтына оқуға тапсырған. Алайда балының жетпеуіне байланысты оқуға түсе алмай, туған ауылында бір жыл қарапайым жұмысшы болған. Кейін аудан орталығының жолдамасы бойынша Ақтөбе қаласындағы медициналық институтқа түсіп, 1987 жылы оқуын бітірген.

Оқуын аяқтаған соң Қызылорда қаласына келіп, бір жыл қалалық перзентханада интернатурадан өтіп, кейін сонда қызмет атқарады. Уақыт өте тұрмысқа шығып, отбасылық жағдайына байланысты 1993 жылы перзентханадағы жұмысынан шығады. Десе де сол жылы №1 емхананың учаскелік акушер-гинекологы қызметіне жұмысқа қабылданады. Содан бері ана мен баланың денсаулығына және ананың аман-есен босануын қадағалап, жауапкершілігі мол саланы мойнымен көтеріп келеді.

– Институтта оқып жүргенде 5 курстан бастап хирург, терапевт, акушер-гинеколог мамандарын бөледі. Оның ішінде хирург пен акушер-гинеколог саласын қатаң бақылауда ұстайды. Себебі бұл адам өміріне тікелей жауапты сала болғандықтан. Жалпы акушер-гинеколог маманына білімі мен біліктілігі жоғары адам ғана өте алады. Сондықтан студенттер арасынан біліктілігінің арқасында бөлініп шығатындар аз болатын. Соның ішінен өзім осы саланы таңдап, біліктілігімнің арқасында акушер-гинеколог маманына өттім. Институтты бітіргеннен кейін перзентханада жұмыс істедім. Өзіме сол перзентханада қызмет атқарған ұнайтын. Әрине, ол жақтағы жұмыстың жүгі жеңіл емес. Дегенмен ана мен баланың өміріне үлкен жауапкершілікпен қарап, сәбиін анасына табыстап бергенге не жетсін. Осындай қуанышты сәттен ерекше әсер алудың өзі керемет сезім. Жалпы перзентханадағы қызметімді зор ықыласпен жасадым. Алайда отбасылық жағдайыма байланысты осы №1 емханаға ауыстым, – деді акушер-гинеколог Мәуекүл Қашқынбайқызы.

Сондай-ақ жүкті келіншектердің аман-есен босанып, сәбиін қолына алғанша қызындай қарап, анасындай уайымдайтынын жеткізді.

– Медицина саласы бұл атақ пен мансап деп ойламаймын. Себебі өзім армандап түскен мамандығым. Жалпы дәрігер болу үшін жүректің жылылығы, мейірімділік, кейде қаталдық та керек. Қазіргі таңда оқу ақылы болғандықтан кейбір ақшасы барлар дәрігерлік мамандықты оқып келеді. Негізі бұл мамандықты оқу үшін адамда шынайы ниет болуы керек. Себебі кез келген жан дәрігер бола алмайды. Оның ішінде акушер-гинеколог бөлімін айтатын болсам. Онда екі адамның өміріне жауапты болғандықтан жүгі өте ауыр, – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде Мәуегүлдей дәрігердің емханада жұмыс істегеніне 30 жылдың көлемі болған. Осы жылдар арасында жас аналарға қызындай қарап, олардың денсаулығын қадағалап, аман-есен сәбиін қолына алғанша демеу болып, көмек көрсетіп келеді. Тіпті учаскелік келіншектерден бөлек, басқа емханадан іздеп келушілер де баршылық.

Осындай жүгі ауыр қызметін адал атқарып келе жатқан дәрігердің еңбегін ескеріп 2014 жылы төс белгімен, ал 2018 жылы министрлік тарапынан «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

Бетті дайындаған: **Нәзира МҰҚАТАЕВА**

АУЫЛЫМ СҰЛУ СЫРДЫҢ ЖАҒАСЫНДА

Аймақтың 85 жылдығы мен қала күні мерекесі аясында шаһар іргесінде орналасқан Ж.Махамбетов ауылының 95 жылдық мерейтойы тойланды.

Жақыпбек Махамбетов ауылы – Қызылорда қаласына жақын орналасқан мекеннің бірі. Ауыл әкімі Нұрболат Бақытовтың айтуына қарағанда, округте 12 мыңнан аса тұрғын бар көрінеді. Жақында ғана спорт кешені салынған ауыл соңғы жылдары ерекше қарқынмен өсіп келеді. Ресми деректерде соңғы 5 жылдың өзінде көлемі 1,5 есе ұлғайғаны айтылады. Ауылдағы жаңа мешітті айтпағанның өзінде орталық алаңы анау-мынау қаланыкінен кем емес. Тұрғындары мерейтойды да ерекше ілтипатпен ұйымдастырған. Орталық алаңға тігілген ақ шаңқан киіз үйлер алыстан мен мұндалайды. Айрықша безендірілген сахнада жыраулар термелетіп, жырдан шашу шашты. Одан төменірек орынға боз кілем жайылып, елдің мықты балуандары белдесті. Бұдан бөлек қой көтеру, арқан тартыс сынды ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтті. Бір сөзбен айтқанда, нағыз думанды мереке.

Ауылды дүбірге бөлеген шараға арнайы қатысқан қала әкімі Асылбек Шәменов тұрғындарды қабат келген мерейтойлармен құттықтады.

Негізі Жақыпбек Махамбетов ауылы кезінде көкөніс және сүт өндіріп, бидай, күріш, жоңышқа егу және мал шаруашылығымен айналысуға таптырмас мекен саналды. 1997 жылдан бері Қызылорда қаласының құрамына енген өнегелі ауыл соңғы 5 жылдықта бір жарым есеге ұлғайып, өрісі кеңейді.

Бүгінде аймақ басшысының қолдауымен елді мекенді көркейту, ауылда сапалы тұрмыс жағдайын жасауды көздейтін түрлі жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Аталған игі істердің бірі де бірегейі – биыл округке газ желісі тартылып, тұрғындар көгілдір отынға қосылды. Құны 4,8 млрд теңгені құрайтын бұл жоба баршамызға үлкен қуаныш сыйлады.

Береке-бірлігі, тату тірлігімен аймақтың өзге өңірлеріне үлгі болып отырған Жақыпбек Махамбетов ауылында республикалық, облыстық және қалалық бюджет есебінен 971,9 млн теңгенің жұмыстары жүргізілуде. Қала әкімінің сөзінше, келер жылы да ауылда құны 2 млрд 400 млн теңгені құрайтын ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Жуырда ғана ауылда «Samruk-Kazyna» демеушілігімен 240 млн теңгеге спорт кешені салынып, пайдалануға берілді. Ел ішінде кәсіпкері көп ауыл саналатын іргелі мекеннің бүгіні мен болашағына бей-жай қарамаған азаматтары демеушілік жасап, орталық алаңды абаттандырып, көркейту-көгалдандыру шараларына үлесін қосты.

Салтанатты шарада өңір дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген бірқатар кәсіпкерлер мен әлеуметтік мекемелердің қызметкерлері және жыраулар фестиваліне қатысқан жыршылар қала әкімінің арнайы алғыс хатымен марапатталды.

Думанды шара өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласып, ауыл тұрғындарына керемет көңіл-күй сыйлады.

А.АҚЫЛБЕК

КІЛЕМДЕ БАЛА БАРЫСТАР

Қызылорда облысының 85 жылдығы мен қала күні мерекесі аясында «Бала барысы» балуандар бәсекесі өтті.

Облыс аумағынан 34 жасөспірім қатысқан жас балуандар додасының ашылуына қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев арнайы қатысып, балуандарға сәттілік тіледі.

– Сайыпқыран ерлердің лайықты ізбасарлары сіздер барда қазақ күресінің келешегі кемел, болашағы жарқын боларына сенемін. Алдағы уақытта «Бала барысы» турнирінде айрықша күш-жігерімен танылған жас балуандар көптеген дүбірлі додаларда Алашқа олжа салады деп ойлаймын, – деді қала әкімінің орынбасары .

Балуандар бәсекесі тартысты өтті. Жас спортшылар кілемге шығып, кезек-кезек күресіп жатты. Бірінің әдісін екіншісі байқап, жеңісті қолдан бермеу үшін ойқас салғандарының өзі бір сұлу көрініс. Тіпті өздерінің мықтылығын танытып, бірнеше секунд ішінде таза жеңіске жеткендер де бар. Қапсыра құшақтап, алып ұрып немесе жамбасқа алып, аяқтан іліп, тобықтан шалып дегендей, мүмкіндігі келген әдістерді толық пайдаланған балуандардың қатары баршылық.

Жарыстың қызықты және есте қалатын сәттерін тамашалап отырған көрермендердің қиқуы өз алдына бөлек әңгіме. Құдды бір өздері күресіп жатқандай «олай жаса», «бұлай лақтыр» деп, дауыстап та қояды. Сапалы әдіс жасап, қарсыласын алып ұрғандарды қолпаштап, «ой, бәрекелді, жарайсың!» – деп қошемет көрсетіп бәйек. Балуандарға бапкерлер де көп көмектесті. Олар шәкіртінің қай кезде нендей тәсілді жасау қажеттігін, жеңісті қолдан бермес үшін қарсы әдісті пайдалану керектігін ескертіп отырды.

Жарыстың нәтижесінде «Бахадүр» лақап атымен қатысқан қызылордалық Болатбек Абылайхан «Көрермен көзайымы» атанса, III орын алған «Сыр Қажымұқаны» лақап атын иеленген жаңақорғандық Байзақ Қажымұқанға 50 мың теңге мен «Қола белбеу» бұйырды. Ақтық сында қарсыласына есе жіберген «Баймолда ұрпағы» лақап атымен Баймолда Исламбек II орын алып, 100 мың теңге мен «Күміс белбеуді» қанағат тұтса, I орын алған қармақшылық Әлихан Әлиасқаровқа 200 мың теңге және «Алтын белбеу» табысталды. Ол «Семетей жалын» лақап атымен күресті. Арнайы жасалған ауыспалы «Тайтұяқты» қанжығасына байлаған Әлихан Әлиасқаров екі дүркін «Бала барысы» атанды.

А.БЕК

Жуырда облыстың 85 жылдығына орай «Достық» үйінде «Қызылорда – достық мекені» атты этномәдени бірлестіктер мен қала қонақтарының мерекелік концерті өтті. Концертке славян, татар, шешен этномәдени бірлестіктерінің өкілдері мен қатар кеш қонақтары, «Гармония» дуэті Любовь Овчинникова мен композитор Виктор Овчинников қатысты.

ДОСТЫҚТЫ ТІРЕК ЕТКЕН КЕШ

Қала күні мерекесін ауқымды және мазмұнды өткізудің басты мақсаты ел бірлігі мен достықты және ізгі қарым-қатынасты нығайту болып табылады. Сондай-ақ келешек ұрпақты, студенттер мен оқушыларды – ынтымаққа, достыққа, өз Отанын сүюмен қатар қорғауға, көпұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға атсалысатын азамат етіп тәрбиелеу.

Шарада Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директоры Бақытжан Камалов сөз сөйледі. Ол Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы бірлікті, келісім мен тұрақтылықтың мемлекеттің дамуын қамтамасыз етудегі маңызы мен рөлін атады. Сондай-ақ шараға келген өнерпаздар мен қала тұрғындарын мерекемен құттықтады. Сонымен қатар «Гармония» дуэті өкілдеріне «Достық» үйі атынан Алғыс хат пен сыйлыққа кітап табыстады.

«Достық» үйінде өткізілген мерекелік шарада өңірдегі славян, татар, шешен этномәдени бірлестіктерінің өнерпаздары мен «Гармония» дуэті ән айтып, би билеп сахнаның сәнін ашып қана қоймай мерекелік шараға жиылған қауымның көңілін көтеріп, ықылас, қошеметіне бөленді. Осындай бейбітшілік, бірлік пен келісімді нығайтатын шаралар тәуелсіздіктің басты қазынасы екенін көрсетеді.

Ақмешіт-ақпарат

ӨТКЕН КҮННЕН СЫР ШЕРТІП...

Ал келесі бөлігінде Абай Құнанбаев, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров секілді ақын-жазушыларымыздың 90 жыл бұрын латын қарпінде жарық көрген шығармалары сақталған. Өз заманында еліміздің астанасы болған – Қызылордада латын қарпінде көне кітаптар жарық көрген. Солардың ішінде түпнұсқа еңбектер де кездеседі. Соның бірі – Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы латын қарпінде шыққан «Әліп би» кітабын музей қызметкерлері көздің қарашығындай сақтап отырғандарын айтады. Парақтары сап-сары рең тартып, селдірей түскен дүние – бағалы байлық көзі екені даусыз.

Өз заманында еліміздің астанасы болған – Қызылордада латын қарпінде көне кітаптар жарық көрген. Солардың ішінде түпнұсқа еңбектер де кездеседі. Соның бірі – Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы латын қарпінде шыққан «Әліп би» кітабын музей қызметкерлері көздің қарашығындай сақтап отырғанын айтады. Парақтары сап-сары рең тартып, селдірей түскен дүние – бағалы байлық көзі екені даусыз.

Қазақ АССР-і Орталық Атқару Комитетінің 1925 жылғы шешімімен астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы жарлықты өлке еңбекшілері қуанышпен қарсы алды. Шырайлы шаһардың оған лайық екеніне дәлел ретінде мұнда қазақтардың көп тұратындығы нақты айтылған. Бұл аймақтың болашағы үлкен үміт күттіретін суармалы егістіктің орталығы болуы да өз әсерін тигізбей қоймады. Сөйтіп астананы Ақмешітке көшіру үшін үш күн ішінде қызыл паровоз жөндеуден өтіп, Орынбордағы бүкіл зиялы қауымды жаңа астанаға көшіріп әкелді. Бір қызығы, қара түтіні будақтап келе жатқан тарихи паровоздың дәл осы сәттегі ерекше суреті де музейдің құнды жәдігерлер қорына енген. 1925 жылы кеңестің V республикалық съезі болып өткені деректерден белгілі. Осы жиында халқымыздың тарихи есімі қайта жаңғырған. Себебі бұған дейін ұлт атауы бұрмаланып, қазақтарды «қырғыз» атаған екен. Сол съезде бұдан былай ел астанасы Ақмешітті «Қызылорда» деп атауға қаулы қабылданған. Бұл жайлы құндылықтан музейдің келесі эскпонат залы сыр шертеді.

Көнеден жеткен жез самаурын, құман, елеуіш, телефон аппараты, теміржолшылардың сөмкесі, қол шамдар, арнайы пітір-садақа беретін ыдыс, ағаш табақ, ақын-жазушы Асқар Тоқмағамбетовтің жазу машинкасымен қатар өзге де құнды жәдігерлер бар. Бұл құнды жәдігерлер сол кездегі орыс көпестерімен арадағы сауда-саттық қарым-қатынас кезінен сақталып қалған. Сонымен қатар сонау XIX ғасырдың көзіндей болған қымбат дүниелер де бар. Көбіне келушілер 100 жылдың куәсіне айналған аталған дүниелерге ерекше қызығушылық танытатынын айтады музей қызметкерлері.

Музейдегі соңғы зал ерекше мұралармен құнды. Төрде тұрған пианино еріксіз көзге түседі. Бұл аспап өткен ғасырда Германияда жасалған көрінеді. Ал оның бұл жерге қалай келгені беймәлім. Аспап басқышы піл сүйегімен қапталғандықтан дыбыс сапасы өз бабында тұр. Саусақ тисе, әндете жөнеледі. Оның оң жағына бір жарым ғасырлық тарихы бар үй жиһазы орналасыпты. Ағаштан жасалған бұйым бүгінгі заманауи дүниеден еш кем емес. 1901 жылы Францияда жасалған «Le Roi a Paris» қабырға сағаты әлі де кәдеге жарап, уақытты дәлме-дәл көрсетіп тұр.



Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3101 **Тапсырыс №**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА